

Серкебаева Гаухар Искакбековнаның «Кодекс Куманикус жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы» тақырыбындағы 8D02310-Филология білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына, ғылыми кеңесші, ф.ғ.д., доцент С.Р. Боранбаевтың

## П І К І Р І

Халқымыздың рухани байлығын бойына жинақтаған тіліміздің тарихи қалыптасуында ежелгі дәуір мұралары мен өзге де туыстас түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттемейінше өзекті ғылыми мәселелердің басын ашу оңай емес. Осы тұрғыдан алғанда ортатүркі жазба ескерткіштері қазақ тілі тарихының қайнар көзі болып табылады. Ал Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тілі түркі жазба тілінің бізге жеткен ең көне нұсқасы болғандықтан қазіргі барлық түркі тілдеріне тән басты фонетикалық, грамматикалық заңдылықтардың бағыт-бағдарын, өткен кезеңдердегі қалып-күйін, ортақ лексикалық жүйенің дамуын айқындауға мүмкіндік береді. Ортағасыр жазба мұралар тілінің лексикалық құрамы, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық, синтаксистік құрылымы, стильдік ерекшелігі қазіргі түркі тілдерінен де көрініс тауып отыруы тек табиғи-генеалогиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймайды, жалпы түркілік рухтың, тілдік сананың беріктігіне де дәлел бола алады. Түркі халықтарының ұлттық-мәдени болмысын, тарихи-әлеуметтік сипатын танытуға қызмет ететін жалпытүркілік танымды жаңғыртып, түркі жұртшылығы арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты сақтауға жол ашады. Бұл ортатүркі жазба мұраларын зерттеудің тек түркілік тілтану ғылымында ғана емес, жалпы түркі әлемі аясындағы өзекті мәселе екенін көрсетеді. Қазіргі тіл тарихын зерделеудің осындай проблемаларын шешуде бүгінгі Серкебаева Гаухардың диссертациялық жұмысының маңызы ерекше деп таныған жөн.

Түркі тілдеріндегі ортақ сөз алмасу жолдарын тарихи тұрғыдан анықтаудың мәселелері түркологиялық еңбектердегі негізгі проблемалардың бірінен саналатын зерттеу еңбектердің басты нысаны болып, әрқашан назардан тыс қалған емес. Бәрібір де, түркі тілдерінің даму тарихындағы кезеңдердің бәрін қамтыған жазба мұралардың тапшылығы немесе олардың түрлі себептермен толық ғылыми айналымға енбегендіктері жекелеген түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен фонетикасын, тарихи сөзжасам мен лексикологиясын, тарихи сөздіктерін жасауда белгілі деңгейде қиындықтар туғызып отырғаны аян. Дегенмен, ортағасырлық ғалымдардың қолымызда бар ғылыми мұраларын зерттеу арқылы олардың өздері зерттеген ғылым саласына қосқан үлестері мен өзіндік ғылыми методологиясын жасау арқылы ғылыми мектептер қалыптастыруын ғылыми тұрғыдан анықтау, оған баға беру, еңбектерін насихаттау қазақ ғылымының даму бағытын айқындаумен қатар ХХІ ғасырдағы жаһандану дәуірінде жас ұрпақты тәрбиелеуде де

маңызды мәселе деген ойдамыз. Диссертанттың осы бағытта да аянбай еңбек еткенін жұмыстың өн бойындағы мазмұнынан да байқау қиын емес.

Шынында, жәдігерлік тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің семантикалық ерекшеліктерін анықтау арқылы тіл қалтарысындағы көнеден келе жатқан көп мағыналы бірліктерінің қазіргі сөздік қолданысымыздағы мағынасымен байланысын анықтап, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының фонетикалық, лексикалық айырмашылықтары, жазба ескерткішінің зерттелу тарихы, тілінің фонетикасы, лексика-семантикалық ерекшелігі, көп мағыналы, омоним, синоним, антоним сөздер, кірме сөздердің, сөздік құрамының қазақ тілімен сабақтастығы, лексикалық бірліктердің көнеру уәждері, кәсіби сөздер мен термин сөздердің, диалектілер мен фразеологизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы, тақырыптық-семантикалық топтары, даму жолдары қарастырылып, лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу - ғылыми талапқа сай жүргізілген деген пікір білдіргіміз келеді.

Зерттеу жұмысындағы басты мәселерердің бірі - қазақ тілімен сабақтастыра анықтау диссертацияның басты мақсат-міндеттерінің бірінен саналады деп қараған жөн. Сондай-ақ жазба ескерткіштегі сөздік құрамының тақырыптық-семантикалық топтары ажыратылып, олардың түркі тілдеріне қолданылу ерекшеліктері мен әр жылдары шыққан жазба ескерткіш нұсқаларымен де салыстырмалы талдау жасалынған. Нәтижесінде құманша - қазақша сөздік түзілген. Бұл дегеніміз Гаухардың тіл тарихын зерттеуге қосқан қомақты үлесі екендігін мойындаған ымыз абзал.

Ғалымның ортағасырлық туындысына және осы жайындағы ғалымдар пікірлерін зерделей отырып, одан әрі зерттеудің проблемалық бағыттары айқындалғанымен, он ғасыр бұрын жарияланған «Кодекс Куманикус» жәдігерлігіне толық зерттеу жүргізіліп, ғалымның түркология ғылымы мен түркі мәдениетіне қосқан үлесі толық анықталды деп айта алмаймыз. Мұндай ауқымды жұмыстар алдағы уақыттың еншісінде деген ойдамыз.

Дегенмен, көрсетілген кемшілік зерттеу жұмысының маңыздылығына нұқсан келтірмейді. Серкебаева Гаухардың «Кодекс Куманикус жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы» тақырыбындағы зерттеу еңбегі түркітану саласына өзіндік үлесі бар еңбек деп танылып, оның авторы 8D02310 - Филология мамандығы бойынша PhD докторы академиялық дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші, ф.ғ.д., доцент

С. Боранбаев

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

ҚРҰЖ бөлімінің  
Засшысы

